

Мендіқара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 25 маусымдағы № 105 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 115 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қарашада № 30596 болып тіркелді

Мендіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы Мендіқара ауданы әкімдігінің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2018 жылғы 25 маусымдағы № 105 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 7971 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Мендіқара ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Мендіқара ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мендіқара ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мендіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Мендіқара ауданының әкімі

Г. Бекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Мендіқара аудандық

## МӘСЛИХАТЫ

Мендікара ауданы әкімдігінің

2022 жылғы 11 қарашадағы

№ 115 қаулысына

қосымша

Мендікара ауданы әкімдігінің

2018 жылғы 25 маусымдағы

№ 105 қаулысына

қосымша

**Мендікара ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет, саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдары:

- 1) ауданының Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;
- 3) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 5) халықты жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;
- 6) халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантты.

2. Мәдениет саласындағы мамандар лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның әдістемелік кабинет менгерушісі (басшысы);
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның музыкалық бөлім менгерушісі (басшысы);
- 4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның кітапхана менгерушісі (басшысы);
- 5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;
- 6) аккомпаниатор;
- 7) библиограф;
- 8) кітапханаши;
- 9) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);

- 10) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
- 11) музыкалық жетекші;
- 12) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
- 13) хореограф;
- 14) дыбыс режиссері;
- 15) барлық мамандық мұғалімдері;
- 16) режиссер;
- 17) хормейстер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК